

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ:
ТАРИХИ БАҒДАРЫ, ДАМУ БЕЛЕСТЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ»
XVIII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕУРАЗИЯ ҒЫЛЫМИ ФОРУМЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
XVIII МЕЖДУНАРОДНОГО ЕВРАЗИЙСКОГО НАУЧНОГО ФОРУМА
«30 ЛЕТ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:
ИСТОРИЧЕСКИЙ КУРС, ВЕХИ РАЗВИТИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ»**

**MATERIALS
XVIII INTERNATIONAL EURASIAN SCIENTIFIC FORUM
«30 YEARS OF KAZAKHSTAN'S INDEPENDENCE:
HISTORICAL COURSE, MILESTONES OF DEVELOPMENT
AND PROSPECTS»**

Нұр-Сұлтан, 2021

ӘОЖ 94(574)
КБЖ63.3(5Қаз)
Қ18

Бас редактор

Сыдықов Е.Б., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма төрағасы-ректор, ҚР ҰҒА академигі

Жауапты редактор

Садықов Т.С., т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ тарих факультетінің деканы

Редакция алқасы

Мерзалинова Г.Т., Басқарма мүшесі – Ғылым, коммерциализация және интернационалдандыру жөніндегі проректор; Айтмағамбетов Д.Р., т.ғ.к., доцент, Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму жөніндегі проректор; Сайлаубай Е.Е., т.ғ.к., доцент, ЕҰУ «Ел тарихы» ҒЗО директоры; Сейтказина К.О., т.ғ.к., доцент, деканның академиялық мәселелер жөніндегі орынбасары; Ерменбаева Г.К., т.ғ.к., доцент, деканның ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары; Көшенова Ғ.И., т.ғ.к., доцент, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі; Үмітқалиев Ұ.Ұ., т.ғ.к., доцент, археология және этнология кафедрасының меңгерушісі; Дүкенбаева З.О., т.ғ.д., профессор; Мусабалина Г.Т., т.ғ.д., профессор; Ковальская С.И., т.ғ.д., профессор; Алпысбес М.А., т.ғ.д., профессор; Мусағалиева А.С., т.ғ.д., профессор; Сарсамбекова А.С., т.ғ.к., доцент; Сайлаубаева Н.Е., т.ғ.к., доцент; Кабылтаева С.К., PhD, доцент; Каженова Г.Т., т.ғ.к., доцент; Жанисов А.Т., т.ғ.к., доцент; Жалпекова Г.К., т.ғ.к., доцент; Брынза Т.В., аға оқытушы; Абдуразаков М.Ф., аға оқытушы (тех. редактор); Бижанов А.С., аға оқытушы (тех. редактор); Оразаев С.Б., аға оқытушы (тех. редактор).

Редакция алқасының көзқарасы мақала авторларының пікірімен сәйкес келуі міндетті емес/Мнение автора публикации не обязательно должно совпадать с мнением редакционной Коллегии.

«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері және болашағы» XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары. I том / **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**: XVIII Материалы международного Евразийского научного форума. I том / Жалпы ред. басқарған Е.Б.Сыдықов. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 193 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-588-5

Бұл жинаққа Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 25 жылдығына арналған **«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері мен болашағы»** атты XVIII Халықаралық Еуразиялық ғылыми форумының материалдары енгізілді. Ғылыми форумның жұмысы Президент Қ-Ж.Тоқаевтың **«Тәуелсіздік бәрінен қымбат»** бағдарламалық мақаласының идеяларын жүзеге асыруға бағытталды.

Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінде Қазақстан халқының маңызды жетістіктері көрсетіліп, тарих ғылымының неғұрлым өзекті тақырыптары бойынша дамуының кейбір қорытындылары шығарылып, одан арғы зерттеулердің болашағы айқындалды. Жинақтың материалдары ғалымдарға, мамандарға, студенттерге, әртүрлі деңгейдегі ұйымдар мен билік органдарының басшыларына қызықты болуы мүмкін /

В данный сборник включены материалы XVIII Международного Евразийского научного форума **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**, посвященного 30-летию Независимости Республики Казахстан и 25-летию ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Работа научного форума была нацелена на реализацию идей программной статьи Президента К-Ж. Токаева **«Независимость превыше всего»**.

В работах зарубежных и отечественных ученых отражены важнейшие достижения народа Казахстана и подведены некоторые итоги развития исторической науки по наиболее актуальным темам, определены перспективы дальнейших исследований. Материалы сборника могут быть интересны ученым, специалистам, обучающимся, руководителям организаций и органов власти разных уровней.

ӘОЖ 94(574)
КБЖ63.3(5Қаз)

ISBN 978-601-337-588-5

© Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

СМАҒҰЛ САДУАҚАСҰЛЫНЫҢ «СӘРСЕНБЕК» РОМАНЫ – 1916 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІСТІҢ ТАРИХИ-КӨРКЕМ ШЕЖІРЕСІ

Қамзабекұлы Д., ф.ғ.д, профессор, ҚР ҰҒА академигі

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма мүшесі-әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі
проректоры / Қазақстан Республикасы

Смағұл Садуақасұлы қазақ жастарының тұңғыш ұйымдары - «Бірлік» (1916-1918) пен «Жас азаматта» (1918-1920), Алаштың Ақмола облыстық комитетінде (1917-1919) саяси шындалу мектебінің табалдырығын аттап, Сібір төңкеріс комитетінде (1920), Кеңестік Күншығыс ұлттары жастарының орталық бюросында (1920), Қазақ Автономиялы республикасының Жастар одағында (1920), Қазақ ОАК-і төралқасында (1920-1921), Бүкілресейлік ОАК-інде (1920-1921), Семей губернелік төңкеріс комитетінде (1921), Қазақ ОАК-нің Түркістан Автономиялы республикасы өкілдігінде (1921), Қазақ Автономиялы республикасы Жоспарлау комиссиясында (1923-1924), Халық ағарту комиссариатында (1925-1927) жауапты да жетекші қызмет атқарғаны мәлім. Бұл – оның қайраткерлік жолы [1].

Ал, шығармашылығына келсек, кезінде оны А. Байтұрсынұлы [2], Т. Шонанұлы [3], Б. Кенжебайұлы [4] сыншы, жазушы, көсемсөзші ретінде жоғары бағалаған. Тіпті Смағұлды «ұлтшыл-байшыл әдебиетші» деп сынаған Ғ. Тоғжанұлы, С. Мұқанұлы, Е. Бекенұлы, Ә. Байділдәұлы, І. Жансүгірұлы, С. Сейфоллаұлы, Ә. Тәжібайұлы т.б. еңбектері де [5] белгілі.

Үлкен әдебиетке келудің жолы тарам-тарам. Смағұл Садуақасұлы 1916 жылы Омбы ауыл шаруашылығы училищесінде түсісімен [6], қолына қалам ұстап, көрген-түйгендерін қағазға түсіре бастайды. Оның қаламының ұшталуына Омбыдағы қазақ жастары құрған, мақсаты: «қазақ халқын мәдени һәм әдеби жағынан ілгергі қатардағы жұрттарға қосу, ұлтшылдық сезімін туғызу һәм ұлттықты сақтау» [7] болған «Бірлік» мәдени-ағарту ұйымының «Балапан» қолжазба журналы септігін тигізді. Бұл журналда, Смағұлдың жазуынша, «Жас алаштардың көркем шығармалары басылып тұрған» [8]. 1918 жылы С.Садуақасұлы, Қ. Кемеңгерұлы, Г. Досымбекқызы сынды өрімдей азаматтар құрысқан «Жас азамат» [9] ұйымның «алтын идеалы, әулие мақсұты, негізгі жолы – ұлт бостандығы, ұлт теңдігі» [10] еді. Смағұл алашшыл жастардың үні – «Жас азамат» газетіне атсалысады. 1919 жылы Омбыдағы «Центросибирь» аталынатын Батыс Сібір кооперативтер бірлестігі одағына нұсқаушы болып қызметке тұрғанда [11], осы шаруашылық ұйымының органы – «Трудовая Сибирь» журналына орыс тілінде мақала, зерттеулер жазады, 1920 жылы Сібір РКСМ-ы бюросының қазақ-татар секциясына жұмысқа алынып [12], қазақ тілінде шығатын «Еңбекшіл жастар» (Омбы) атты апталық газетке редакторлық етеді [13]. Сол 1920 жылы Омбыда шығатын «Кедей сөзі» газетінің жауапты шығарушысы болады [14]. Қазақ Автономиясын жариялаған жалпы қазақ кеңестерінің I съезі (1920, 4-12 қазан) күндері «Ұшқын» (бүгінгі «Егемен Қазақстан») газетінің «ғылым һәм шаруашылық бөлімін басқарады» [15]. «Ұшқын» съезден кейін «Еңбек туы» деген атпен шыға бастағанда, С. Садуақасұлы бұл газетке де жауапты шығарушы болады [16]. Қазақ автономиялық республикасы құрылысымен мемлекеттік баспа жанынан құрылған саяси және көркем әдебиеттерді сұрыптайтын 5 кісіден тұратын редакциялық алқаға А. Байтұрсынұлы, Ә. Бөкейхан, Х. Болғанбай, Ж.Аймауытұлы сынды азаматтармен бірге С. Садуақасұлы да кіреді [17]. 1922 жылы жастардың «Өртең» атты газетін шығаруға белсене араласады [18].

1923 жылы «Жас қазақ» журналының шығарушылар алқасының құрамына енеді [19]. 1924-1925 жылдары «Қызыл Қазақстан» журналының (бүгінгі «Ақиқат» журналы) жауапты шығарушысы болады [20]. 1925-1926 жылдары «Еңбекші қазақ» газетіне (бүгінгі «Егемен Қазақстан») редакторлық етеді [21].

Мерзімді басылымдардағы жауапты қызметтері, сондай-ақ өзінің азаматтық қасиеттері Смағұл Садуақасұлын 20-жылдардың өзінде-ақ көсемсөзші, сыншы-әдебиетші, жазушы ретінде танытты.

1925-1927 жылдар аралығында С. Садуақасұлының Халық ағарту комиссары міндетін атқаруы оны ұлттық мәдениет ісі мен жазушы, ағартушыларға бағыт-бағдар беру жұмысын ұйымдастырушы ретінде шыңдады. Бұл уақыттағы қайраткер-қаламгердің тұңғыш мемлекеттік ұлт театрын ашуға мұрындық болуы [22], қазақтың ән-күйін хаттауға жәрдемдесуі [36], Абайдың, Сұлтанмахмұттың жазғандарын тірнектеп жинауға мамандарды жұмылдыруы [24] мәдениет, әдебиет тарихындағы оның тұлғалық орнын айрықшалай түседі.

Біздің қолымыздағы Смағұл Садуақасұлы қаламынан туған шығармалар хронологиялық жағынан 1916 жыл мен 1928 жылдың арасын қамтиды.

1990 жылдан басталған С. Садуақасұлының әдеби мұрасын іздестіру, тауып жариялау, оларға ғылыми сипаттама беру жұмысы бүгінге дейін жалғасып келеді.

1991 жылы Петербор, Мәскеу қалаларына жасаған іссапарымыздың барысында Смағұл Садуақасұлының «Өртең», «Салмақбай, Махамбет», «Аптономия» сынды көркем шығармаларын тауып, ғылыми айналымға енгіздік [25].

Смағұлтанудағы тағы бір жаңалық – М. Әуезов музейінен қаламгер-қайраткердің «Сәрсенбек» атты көлемді прозалық шығармасының қолжазбасы табылғандығы. Мұны 1957 жылы Смағұлдың жары Елизавета Әлиханқызы жазушы Мұхтар Омарханұлына табыстаған екен.

Әрбір қаламгердің өзіндік қалыптасу соқпағы бар. Бірақ қайсысында болсын қаламгерлік қасиет бала кезден пайда болады. Бұл ретте дана Абай қара сөзінде: «Жанның жибилі қуаты әуелде кішкене ғана болады. Ескеріп баққан адам үлкейтіп, ұлғайтып, ол қуаттардың қуатын зорайтады», – дейді [26]. Жибилі қуат (адамға жаратылыс сыйлаған қасиет деп ұғыңыз) кәсіби қуатқа айналуы үшін, ұлы ойшыл ақын пікірінше, кісі өз таным-түйсігін жетілдіріп, ақылдың биігіне талпынуы тиіс.

«Сәрсенбек» – қазақ әдебиеттану ғылымына беймәлім болып келген роман. Арнайы қолдан кесілген параққа жазылған 300 беттен астам осынау романды - 1916 жылы қазақ даласында бұрқ еткен көтерілістің тарихи-көркем шежіресі деуге лайықты [27].

Роман қолжазбасын аса мұқият сақталған дей алмаймыз. Абырой болғанда, қолжазбадан роман тарихына қатысты бірқыдыру деректерді ұшырастырдық. Бір қосымша парақтан романның алғашқы нұсқасын жазушы 1920 жылы 27 шілдеде «Мінсіз» атты повесть ретінде жазбақ болғаны анықталды. 1922 жылы 21 қарашада «Сәрсенбекті» жазуға кіріскенде, автор Мінсіз бейнесін Жұпар бейнесімен алмастырып (бұл қолжазбадан анық көрінеді), Мінсіз деген басқа жанама кейіпкер ойлап тапқан.

«Сәрсенбек» – 1916 жыл оқиғасын арқау еткен қазақ әдебиетіндегі алғашқы романның бірі.

Аталған туындының неліктен роман жанрына жататынын үш дәлелмен анықтай аламыз.

Біріншіден, «Сәрсенбек» – қазақ әдебиетінде роман жанрының енді дүниеге келген кезінде туған туынды. Сондықтан бұл кездегі жазылған қазіргі көзқараспен повесть дәрежесіндегі шығармаларға роман мәртебесін беру жанр эволюциясын елеп-ескергендік болмақ.

Екіншіден, роман талабына сай «Сәрсенбекте» үш желі қатар жүріп отырады. Олар: 1) көтерісшілердің күрес барысы, 2) қаладағы оқығандардың пікір қайшылығының жай-жапсары, 3) Күлпәшқа қатысты оқиғалар, яғни қала мен ауыл арасындағы бөгет-бөгесіндердің қалпы.

Үшіншіден, А. Байтұрсынұлы ескерткен «тұрмыс сарынын түптеп, терең әңгімелеу» бар.

Тарихтан белгілі, 1916 жылы маусым айындағы патша жарлығы қазақ қоғамына төбеден жай түскендей әсер етті. Патша әскеріне солдат беру мәселесі халықты жаппай толғандырды. Бұл әсіресе зиялы қауымды бейжай қалдырмады. Олар монархия райын маусым айынан әлдеқайда бұрын сезіп, табанды күрес жүргізіп жатты. М. Дулатұлы 1916 жылы ақпан айында жазған бір мақаласында Петербордағы Думанның ашылуына орай солдат мәселесін орынды шешу үшін ол жаққа Самарадан Ә. Бөкейхан, Орынбордан А.Байтұрсынұлы, Ақтөбеден Н. Бекметұлы жүріп кеткенін, олардың қолдарында мынадай тілектердің: «1)

қазақтан соғыс үстінде солдат алынбауы, 2) солдат алудан бұрын метрика түзу, 3) лажсыз алынатын болғанда жаяу солдат болмай, атты әскер болуы, 4) қазақ пен орыс жер-су һәм правода тең болуы» барын жазады [28]. Аты аталған елшілер соғыс министріне жолығып, мәмілеге келеді [29]. Яғни, әзірше қазақтар әскерге шақырылмайтыны, олардың қай әскер саласына (атты, не жаяу) икемі бары зерттелетіні мәлім болады. Алайда, М. Дулатұлы жазғандай: «Бір күні төбеден түскендей жаудың оғындай июнь жарлығы сарт ете қалды. ... «Қазақ» басқармасына қазақ жерінің түс-тұсынан телеграмдар, хаттар жауа бастады. Ол кезде «Қазақ» газетін қазақ елінің көбі «көз-құлағындай» көретін. ...Қазақ даласы күңіренді» /30/.

Енді «не істеу керек?» деген сұрақ күн тәртібінде тұрды. Алаш қайраткерлерінің бірі А. Байтұрсынұлы: «Бұл күнде – соғыс уақыты, тәртіп қатты. Қашқындардың артынан қуғыншы отряд шығып, елді һәм артына қалған әке-шешесін, қатын-баласын шулатқаннан, шаруасын күйзелткеннен басқа өнер, ешнәрсе жоқ», – деп жазды [31]. М. Дулатұлы он жыл өткен соң: «Төңкеріс жолында қазақ жұрты құрбан болып кетсін деуге дәтіміз бармады. Сондықтан біз екінші жолды қаладық – көну керек дедік. Оған бел байлағаннан кейін ел көзіне айтатын сөзіміз де, басшылығымыз да осы бетте болды. Тек неше түрлі сылтаумен соза түсу жағын ескеріп отырдық», – деп еске алды [32].

Әйтсе де бұл кез – аса күрделі шақ еді. Біреуді біреу тыңдап болмайтын. Ел дүрлікті. Бірсыпыра жігіттер майданның қара жұмысына – окоп қазуға кетті. Оларға бас-көз болу үшін алаш зиялылары майдан ставкасына сұранды [33]. Ал, енді бірсыпырасы «майданға бармаймыз» деп ант-су ішіп, тау-тасты паналап, қуғыншы орыс әскерімен атысып-шабысты.

1917 жылғы ақпанға дейінгі айналдырған жеті-сегіз ай қазақ тарихы үшін 7-8 жылға татитын оқиғаларды өмір жүзіне шығарды. Бұл айлар қазақтың бақ-талайын сынаған айлар болып, ой-санасына өшпес ізін қалдырды.

Шәкірт кезінде осы оқиғаларды өз көзімен көрген С. Садуақасұлы араға жеті жыл салып, «Кейбірде мен баладаймын, Баладай болсам да, бәрі есімде» деп эпиграф қойып, 16-жыл туралы роман жазуға отырды.

Роман экспозициясы қазақтан солдат алатынын естіп, бұл хабардың рас-өтірігін біле алмай абыр-сабыр, азан-қазан болған ауыл халін диалог арқылы жеткізумен ашылады. Автор бейнелеу тәсілін пайдаланып, қоғам мен ұлт арасындағы байланысты былайша көрсетеді: Сары маса келіп қазақтың тұмсығын шағады. Ол бір аунап қайта жатады. Кенет ойына әлдене түсіп, түрегеледі. Тарсыл естіледі. Бір кезде тоқтай қалып, қарсыласады...

Оқиға Сәрсенбектің ауылынан өрбиді. Сәрсенбек оқуына кеткеннің ертесіне патша жарлығы келеді. Халық аңтарылып қалады. Істің мән-жайын білу үшін ақсақалдар Амантай мен Қорабайды қалаға аттандырады. Бұл кезде Жұпар есімді қыз ауыл жігіттерін жиып, оларға бас көтеру, Алатауға аттану туралы ой салады. Ауыл жастары бұған келіседі.

Бұл шақтағы қаланың тіршілігі ауылдан бөлектеу. Сәрсенбек пен Қабдеш ұлт болашағы, халық теңдігі туралы пікір таластырып жүрсе, Жұмажан секілді азаматтардың ойында түк жоқ. Олар өмірде ләззатқа белшесінен батып, абыройы тасып жүргенді армандайды. Арбалып, алданып жүрген Күлпәш тәубасына әлі келмеген. Жұмажанның алдамшы әрекеттерін, атастырған күйеуі Күдерінің ақ-жүрек адалдығын көргенде, Күлпәш басында екі ұдай пікірдің текетіресі басталады. Мұндағы тартыс, шиеленіс, шарықтау шегі, шешімі аса табиғи.

Амантай Сәрсенбекке «ел көтерілмек, басшы бол» деп қолқа салады. Бірақ ол қарсылық білдіреді. Тіпті дәлелдер айтып, күрестің нәтижесіз болатынын алға тартады. Көңілі нілдей бұзылған Амантай Сәрсенбекке қарамастай болып және губернатордан тұшымды «жауап» алып, еліне қайтады.

Қала жаңа хабармен қайта жанданған. Қазақ оқығандарының бас қосуларындағы әңгіменің бәрі «қазақ һәм солдат» төңірегінде. Көркем шығарма сахнасына Қабдеш, Бұқар, Асқар сынды азаматтар шығады. Бәрі де сауатты. Баршасы да ел қамын ойлайды. Бірақ солдат мәселесі туралы әрқайсысының пікірі әр түрлі.

Сәрсенбек Сәлимадан хат алады. Бұл хаттан соң оның пікірі бұрынғы күйінде болғанымен, бағыты түбегейлі өзгереді: Бұлай болуының терең сыры бар. Сәлима хатында Жұпар туралы, оның қол бастағаны хақында, өзінің сол құрбысымен бірге болатыны жөнінде жазады. Не істеу керек? Бұл жерде парасат жеңеді. Сәрсенбек аттануға бел байлайды. Неге? Біріншіден, ол Сәлиманы ұнатады, екіншіден, бір кездері Жұпар екеуінің арасында да махаббат оты маздаған. Үшіншіден, ел басындағы сыналар сәтте, көпшілік көтерілуді қалағанда, бұл неге қолын бір сілтеуі тиіс. Мейлі, халық бұрыс жол таңдасын бәрібір Сәрсенбек – оларға, олар – Сәрсенбекке керек.

Сәрсенбектің шешімі жөнінде оқығандар арасында пікірталас туады. Әркім әр түрлі жориды. Бұған Бұқар мен Асқар қарсы болса, Қабдеш Сәрсенбекті қолдайды. Сонымен Сәрсенбек пен Қабдеш екеуі Сәлимамен кездеспек болып Көкадырға қарай аттанады. Екі жігіт жолда талай қиыншылықтарға кездеседі. Бір сәт дамылдағанда ұлт, ел тағдыры, заман қалпы туралы толғанады.

Ауыл жайы қайта суреттелінеді. Сахнаға Сәлима мен Мінсіз шығады. Бірі Сәрсенбекті, екіншісі Исатайды сүйеді. Тағдыры, талғамы ұқсас тұлғалар. Сәрсенбектен жауап хат келгеннен кейін бұлар да Көкадырға аттанады. Ойлары – олармен сол жерде жолығып, Алатауға аттану. Сапырылысқан дүние. Осы сапарда бұлар да сан қиыншылықты көреді. Әсіресе жолда орыс әскерінің кездесуі оқиғаны күрделендіре түседі. Бұлар қашады. Жау қуады. Қапыда Мінсіз қолға түсіп, қанішерлердің зорлауы мен қорлауына шыдай алмай өледі.

Енді романның айрықша желісі – көтерілісшілердің күрес барысы бейнеленеді. Әскери дайындық, әскер басылары бейнесі айшықталынады. Жұпар, Амантай бейнелері даралана суреттеледі. Қазақ әскери дуанды алуға қамдануда. Бәрі сақадай сай, қобызшылар «Бозінген» күйін тартады. Салтанатты әскер шеруі, дуанды алардағы соғыс, қазақтардың жеңіс сәті бейнеленеді.

Оқиға ширыға түседі. Сәрсенбек пен Қабдеш те анталаған жау қоршауында қалады. Қабдеш орыстың қолына түседі. Сәрсенбек әзер дегенде құтылады. Екі жігітті даралайтын қасиеттер ашыла түседі. Сәрсенбек Қабдешті құтқарамын деп шарқ ұрады. Ал, тұтқындағы Қабдеш орыс офицеріне әділеттіктің кім жағында екенін қаймықпай айтып, соққыға жығылады. Полковник пен губернатор Қабдештен жауап алғанын суреттейтін роман бөлімдерінде отаршылдардың сыр-сипаты жан-жақты ашылады.

Ауыл халін бейнелейтін желі жаңа оқиғалармен толысады. Жазушы енді шығарма кейіпкерлері шыққан ауылды емес, Сәрсенбек, Сәлима қонған, аялдаған ауылдарды суреттейді. Халық бейнесі бажайлана бастайды. Соғыстың зардаптары сөз болады.

Қилы тағдыр белгіленген Көкадырда кездесеміз деген Сәлима мен Сәрсенбекті кезеңнің олай-дүлейіне ұшыратып, ойламаған жерден орманда жолықтырады. Оның өзінде олар бірін-бірін жау екен деп, атысып-шабысып әзер таниды.

Шығарма желісі қайтадан шаһар ішіндегі жайттарға ауысады. Бұқар, Қоңырбай, Асқар, Жұмажан сынды кейіпкерлердің іс-қимылы, диалогы, монологы арқылы олардың көтеріліске деген, қазақ халқына деген ынта-ниеті, көзқарас-пайымы аңғарыла бастайды.

Амантайлар кескілескен айқаспен, ақылмен дуанды алады. Қабдеш абақтыдан босанады. Амантай мен Жұпарға жолығып, болған мән-жайды айтады. Олар Сәрсенбектің көтерілісшілерге қарай шыққанына қуанады.

Қаладағы оқығандар Сәрсенбектің қадамын түсіне алмай дал болады. Баяғы айтыс-талас. «Ұлт батыры кім?» деген сұрақ төңірегіндегі пікірталас жалғасады. Бірсыпыра жастарды Күлпәш тағдыры толғандырады. Ол ауылда. Оқығандардан түңілді. Күйеуі майданға кеткен. Қоңырбай Жұмажанның «иттігін» дәлелдемек болып, Күлпәшті алмақшы, басқалар оның мұнысына қарсы. Қоңырбай оған хат жазады. Алайда Күлпәштан қарсылық білдірген жауап алады.

Ауыл желісі қайта тартылады. Бұл да – оқиға өрбіген ауылдан басқа ауыл. Жастар Алатауға жиналуда, Күлпәш әрі-сәрі күйде. Басын «не қала, не ауыл» деген ойлар билеген. Он ойланып, «аллаға күнәһар болмай, ауылда қаламын» деп шешкен. Ауылда тек адал

жүректер ғана тұрмайды, тоғышарлар да бар. Оның бірі – болыс. Ендігі оқиға болыс пен Күлпәш арасында өрбиді. Тәубасына келген Күлпәш күйеуі Күдері сенімін ақтап қалады. Табысқан Сәрсенбек пен Сәлима дуанға жетеді. Көтерілісшілер табысады. Басшылармен ұшырасады. Романның бұл бөлімшелеріндегі монолог пен диалогтар кейіпкерлер бейнесін, сондай-ақ романның басты желісін толықтырып, ашады.

Қаладағы оқыған жігіттер айтысып жүріп, бір тоқтамға келеді. Ол - әскерге бару. Асқар, Қоңырбай, Титімбет секілді жастар осы жолды таңдайды. Бұлар «борышты өтейміз» деген ниетпен майданға аттанады. Ал, Бұқар мен Жұмажан болса әрі-сәрі күйде: бірі көтерісшілерді «неге екенін білмейді, жақтамайды», екіншісі «неге екенін білмейді, жақтайды». Бірақ екеуі де білек сыбана күресуге жоқ. Бұқардікі құр сөз. Жұмажан күрескендерді атақ куғандар деп есептейді. Алатау әбігерге түскен. Қуғыншы отряд осылай қарай аттанған.

Романда Шолақсайдағы орыс әскері мен қазақтар арасындағы соғыс кеңінен суреттеледі. Соғыста қазақтар мұздай құрсанған қарулы солдаттардан жеңіледі. Сәрсенбек қолға түседі.

Азапты күндер басталады. Жазушының «өмір – күрес» деген қағиданы тереңінен қозғағаны байқалады. Жазалаушы отряд халықты қырғаны сөз болады. Сәрсенбек сын сағаттарда өзінің нағыз азаматтығын көрсетеді.

Романның қысқаша мазмұны осындай. Шығарма қазақ прозасының қалыптасып келе жатқан ерте кезеңінде туғандықтан, толыққанды көркем нақышпен жазылған дей алмаймыз. Алайда идеясы мен сол идеяны жеткізу үшін пайдаланған бейнелер жүйесінде жоғары баға беруге болады. Туындыда танымдылық, ағартушылық сүрең басым. Рас, шығарма композициясында жүйелілік қатаң сақтала бермейді. Бұл түсінікті де. Біріншіден, жазушы оны шығармашылық шеберлігі аса шыңдалмаған шағында жазған. Екіншіден, әдебиет классигі Ғабиден Мұстафин «уақыт шығармаға өз таңбасын салады» деп айтқандай [34], заманның кедір-бұдырлығы, аумалы-төкпелілігі туындарының бір деммен жазылып бітуіне кедергі жасауы әбден мүмкін.

«Сәрсенбектегі» Смағұл шеберлігі дегенде, ол ұтымды қолданған монолог, диалог, кейіпкер сүгіреті, пейзаждарды ерекше атауға міндеттіміз. Романдағы Сәрсенбектің, Қабдештің, Сәлиманың монологтары, Сәрсенбек пен Амантай, Сәрсенбек пен Бұқар, Сәрсенбек пен патша офицері, қаладағы жастар арасындағы диалогтар, Амантайдың, Жұпардың портреті, ел қалпын, соғыс болар күнгі ахуалды табиғатпен шендестірген пейзаждар бұл пікірімізді растайды.

Академик Рахманқұл Бердібай: «Тарихи оқиғаларды тізе беру де, тарихты ұмытып, қиял күшіне ғана сүйенушілік те шығарманы біржақтылыққа алып кетпек», – деп жазады [35]. «Сәрсенбекке» осы тұрғыдан қарасақ, жазушы С. Садуақасұлы тарихи романға қойылатын талап тізгінін тепе-тең ұстағанын аңғарамыз. Көтерілістің болғаны рас, оған Амантай сынды азаматтардың жетекшілік еткені, көтеріліске қыз балалардың қатысқаны, оқыған зиялы қауымның көтеріліске қарсы болғаны шындық. Ал, Сәрсенбек – автор қиялынан туған кейіпкер. Біздіңше, жазушыны Алаш Орданың жеңіске жете алмағандығы, ұлтқа тәуелсіздік бұйырмағандығы қатты толғандырған. Білікті қаламгер мұның себебін іздеген.

«Қазақ» газетінің идеясын пір тұтып өскен хәм сол идеяны жаңа заманға сай дамытуға күш салған Смағұл Садуақасұлы енді «Бәлкім, қазақ оқығандары 16-жыл оқиғасына белсене араласып, күресті басқарып, жүйелеу керек пе еді? Сонда, мүмкін, алаш жұрты бір ту астына жиналып, саяси сапарылыстар тұсында тәуелсіздігін қорғап қалар ма еді?» деген пікірі келген тәрізді. Өткен іске баға бере келіп; «қап, бүйткенде дұрыс болар еді» деп ойлау – табиғи нәрсе. Бұл көзқарас эволюциясына жат емес. Міне, кейіпкер Сәрсенбек – жазушының осы идеясын жеткізу үшін өмірге келген бейне.

Романдағы Күлпәш бейнесі де белгілі дәрежеде жазушының осы идеясын толықтырады. Оқыған, қалалық Күлпәш өз қалауымен емес, тағдыр тауқыметімен оқыған, ауыл баласы Күдеріге тиді. Ол бұрын ел қазағын менсінбей қарайтын. Енді Күдері арқылы олардың адал, ақ ниет болатынын ұғынып, бұрынғы көзқарасын түбегейлі өзгертті. Жазушы Күлпәшқа байланысты роман желісін аяқтарда көсемсөздік сарынмен ұзақ-сонар Ресей тарихындағы

«Халыққа жақын жүру» ағымының (бүгінгі тарихта «халықшылдар» делінеді) жай-жапсарын тереңінен қозғауы жазушының жоғарыда айтқан идеясынан туындап жатқандығын көрсетеді. Талай қиындықты бастан өткеріп, көтерілісшілерге жеткенде, Сәрсенбектің: «Осы сапарда бәрінен де көп көріп, көп білгенім – қазақ. Қазақты біз білмей келген екенбіз. Үлкен ел, қайратты, қасиетті жұрт екен!» – деуі, ауыл адамдарының жүрек жылуынан өмірге қайта келгендей болған Күлпәштің: «Япырмай, жер жүзіндегі елдің бәрі осы қазақ ауылындай болса, бұл дүниеде өте тамаша болар еді!» – деуі сол идеяны нақтылай түседі.

Шығармадағы маңызды ойлардың көбі Сәрсенбек сөзі арқылы көрінеді. Ел дүрлікпей тұрып, Алатаудан бейхабар шақтағы Сәрсенбек пен Қабдештің ұшырасып, екеуара жазда не бітіргендері жөнінде әңгімелесетін бөлімде-ақ өз сипаттарымен көзге бірден шалынады. Мұндағы Қабдеш аузына салынған Кенесары қызының сәукелесі, Қобыландының қобызы, Асанқайғының қамшысы жөніндегі жалған деректер әдейі Сәрсенбектің білік, білім деңгейін көрсету үшін пайдаланылған. Ол әлгінің бәрі шындыққа қайшы келетінін нақты пікірмен дәлелдейді. «Күллі миф қайдан шықса, Асанқайғы да содан шықты. Бұл – бір жылдың ішінде емес, жүз мың жылдың ішінде жаралған адам. Осы күні ел ішінде билердің көбі бір жақсы сөзді айтса «Кұнанбайдың Ыбырайы айтқандай екен» деп келеді. Өзімізге келсек, «Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай» деп отырамыз. Бұның себебі не? Себебі, бұл адамдар – халық көңіліндегі кіршіксіз жандар. Жұрт оларды пайғамбардай көреді», – дейді Сәрсенбек. Бұл оның біліктігін танытатын сөз. Сәрсенбектің ел дегенде қабырғасы қайысатын жан екені де осы бөлімде аңғарылады. «Қазақ жұрты биыл қалай болар? Бір жылдан соң қайтеді? Он жылдан соң қандай өмірге жетеді?» – деп ұлтқа немқұрайлы қарамайтын жан ғана толғана алса керек.

Сәрсенбектің солдат мәселесіндегі бұрынғы ойынан саналы түрде арылған сәтте, оқыған достарына: «Мен осы істің басы-қасында әйел болғанына да көп мағына берем. Әйел соғыс үшін жаралмаған. Әйел соғысты дегенше, тегін соғыс болмайды де. Мұнда бір әулиелік бар», – деуі бұл қадамды ойланып, толғанып жасағанын айғақтайды. Осы пікірін Көкадырға аттанардағы монологында: «Осының бәрі кім үшін? Көрсін, білсін! Мен өз жұртыма дұшпан ба екем? Жоқ, мен ешқашанда дұшпан болған да, болмақ та емеспін!.. Алты алаштың баласы бас қосқанда, біз қалай шет қалмақпыз?» – деп тереңдетеді.

Сәрсенбек – күреске жалаң ұранмен шыға салған жан емес. Оның көздеген мақсаты бар. «Қазақ Жапония секілді болу үшін өзінің елдігі өзінде болу керек», – деп түйген Сәрсенбек Қабдешке қазақты қайткенде іргелі ел етуге болатыны хақындағы өз жоспарымен таныстырады. Жазушы Сәрсенбек аузына Абылай ханның қазақты қуатты ел ету жөніндегі сөзін салуы – автордың пікір-пайымдағы сабақтастықты қағыс қалдырмағандығын көрсетеді.

Романдағы Сәрсенбек характері өзекті тақырыптар жөнінде Бұқармен айтысында анығырақ ашылғанын байқаймыз. Мысалы,

1) «/Бұқар:

– Қазақ, қазақ деп ет жүрегімізді жұлып берсек те түсініп жатқан кім бар? Нансаң, мен қазақты деп намыстанғаным мен байбалам салғаным кімге керек?..

(Сәрсенбек):

– Бұқар, кейбір сөздеріңе қарап, көңілім қалады. Қазақшыл, халықшыл болып неге бір мінезде тұрмайсың? Бір қадам елден шықсаң, қазақ сорлыны жамандайсың...

– Міне, Сәрсенбек, сенің жетілмегендігің... Сен әлі діншіл, молдашыл, қара қазақ екенсің. Айтшы, діншілсің ғой, солай ғой?

– Әрине, қара қазақ дінді молдадан үйренбей ме?!

– Қазақ пен біздің (Бұқар оқығандарды айтып отыр – Д.Қ.) арамызда алсаң, қазақ – ақылсыз, надан. Шапсаң, артыңнан ере алмайды...

– Бұқар, менің пайымымша, арманың... төңкерістің басшысы болу ғой. Ештеңеден іркілген емессің. ...Мен әлі қазақты үйреніп болғам жоқ.

2) «Өрікпеген Бұқар:

– Қазақ айта береді... Кешегі Кенесарының заманындағыдай бізде бейберекеттік, ақылсыздық, әліне қарамай көзсіз ұмтылғандық болмаса қайтсін. Кенесары 60 жыл бұрын Сарыарқаны қанға боямаса, біз ендігі егін салған тып-тыныш жұрт болар едік... – деді.

Сәрсенбек Бұқарды жақтырмай, ұшып түрегеліп:

– Бәріміздің басшымыз, патшамыз Кенекеңді пәлен деуге аузың қалай барады? Ойың да, болжамың да бір түрлі. Кенесарының саяси қыры қалай? Осы күні еуропашалатып алған «революционерлер» Кенесарыдай артымызға атақ-даңқ қалдырсақ жарар еді.

...Кенесары заманы... Қазақ сонда да қарсы тұра білген. Менің бұрыннан тілегім сол сияқты оқиға еді, – деді».

Ғалым Н. Ғабдуллин: «Кейіпкердің ұлттық сипаты оның тілінің бөлектігінен, түрінің, киімінің өзгешелігінен ғана танылмайды. Кейіпкердің ұлттық өзгешелігі... дүниені танудағы, түйсінудегі, сезудегі ұлт психикасына байланысты нәрсе», – дейді [35]. С. Садуақасұлы сомдаған Сәрсенбек бейнесіне осы тұрғыдан қарасақ, аталған кейіпкер табиғатындағы, болмысындағы ұлттық сипатымен айрықшаланады.

Жазушы неліктен Сәрсенбекті көтерілісшілер арасына апарды? 16 жыл оқиғасын зерделей келе, Смағұл көтерілісшілерді идеялық тұрғыдан топтастырған, қалың қауымға баянды жөн-жоба сілтей алған тұлғаның болмағанын аңғарды. Көтерілісшілерді сипаттай келе жазушы: «Бұлар кеше ғана ата қонысында тіршілік етіп отырған қазақ еді. Енді, міне, «әлпештеп өсірген ұлдарды солдатқа бермейміз» деп, қарсы болған бай да, батырақ та осында жиналыпты. Жалғыз басты жалшы да, көнтерлі болған малшы да, сақалды да, сақалсыз да – бәрі бар», – дейді. Жан алқымға келгенде ғана осылай топтасатын қауымды сындарлы азаматтар шығып, игеріп кетпегендігін Смағұл мүмкіндікті қолдан жібергендік деп түсінген тәрізді. Сондықтан да ол қаламгерлік қиялға дес беріп, алғашында көтеріліске қарсы болған, соңынан «қазақтың туы көтерілді, енді оны құлатпау керек» деген пікірге келіп, не көрсе де халқымен көруді қалаған оқығанды, әркез «мен әлі қазақты үйреніп болғам жоқ» деп жүретін Сәрсенбекті қауіп-қатерлі жолдармен орыс әскеріне қарсы өре түргелген Алатауға әкелді. Сөйтіп Амантайға көмекші батыр етіп, сарбаздарға рухани демеуші қылды. Бір сөзбен айтқанда, оқыған Сәрсенбек халыққа жақындап, халықшыл болды. Ол – қазақтың арғы-бергі тарихын, әсіресе елдіктің рәмізіндей болған Абылай, Кенесары күресінің тарихын жете білетін азамат. Сондай-ақ Сәрсенбек отаршыл пиғылдың тек-тамырын да бажайлай алады. «Орыстың ең адамы дегеннің бірі – Достоевский. Оның өзі түрік соғысы уақытында түрікке қарсы жазған», – дейді ол Қабдешке. Сәрсенбектің жігер-қайраты Шолақсайдағы соғыс үстінде, сол соғыста тұтқынға түскенде байқалады. «Өмір – күрес. Не өлу керек, не жеңу керек. Қазақ өлетінін білсін, жеңіп өмір сүретінін білсін" – дейді бұғаудағы Сәрсенбек. Губернатор алдында оның тайсалмай: «Әзірге Ресейдің қол астына қараған халықпыз», – деуі, қарсылас жауы: «Бөлек патшалық болады-мыс, еркін ел атанады-мыс. Мә, боласың еркін ел!» – деп тепсінгенде, «еркі болса, өз қолында күші болса... мына тұрған аждаһаны езіп... мылжа-мылжасын шығарып, түтіп аузына салып жіберіп, өткір тісімен бырт-бырт шайнап, түкіріп тастағысы келуі» Сәрсенбек бейнесінің ұлттық негіздегі күрескерлік қырын толықтырады.

Романда бейнесі бірсыдырғы ашылған кейіпкер – Қабдеш. Ол да – оқудағы шәкірт, сол кез ұғымындағы «оқыған». Алайда білімі мен білігі аса жоғары емес. Осы кемшілігін өзі жақсы біледі. Сондықтан үйренуге, біле түсуге ынтық. Аталған шығармада Қабдеш әркез Сәрсенбек жанында жүреді. Оның білгенін өзіне сіңіруді, онымен ақылдасып отыруды ұнатады. Сәрсенбек оны табандылығы үшін сыйлайды, дос тұтады. Роман басында Сәрсенбек Қабдештен жазда не бітіріп, не қойғанын сұрағанда, ол қазақтың тарихына байланысты этнографиялық деректер жинағанын айтады. Тапқан материалдары ақиқат айғақ емес, аңызға құрылған дүние екенін Сәрсенбектен естігінде, құр байбаламаға салмай, досының жөн сөзін түсінуі Қабдештің әділеттік шеңберінен сыртқа аттап баспайтынын көрсетеді.

Сәрсенбекке елдің дүрлігіп жатқаны туралы Сәлимадан хат келгенде, тарихтан бейхабар емес Қабдеш: «Мынау Кенесары заманы ғой», – дейді. Қабдеш – Сәрсенбекпен пікірлес

азамат. Сондықтан ол Сәрсенбектің Алатауға аттануға шақырған ұсынысын бірден қабылдайды. Алда азапты күндер, қиындықтар кездесетінін біле тұра Сәрсенбек мінген тәуекел қайығына ол да мінеді. Жолдағы екеуінің диалогынан олардың арман-мақсаттары айқын танылады: «(Қабдеш):

– Бауырым, мен сені бүгін анық білдім. Қазақ туралы көп білетінің – нағыз ел үшін туған сияқтысың.

(Сәрсенбек):

– Біз сол қазақтың өзінен тудық. Оны білмесек, оны қорғамасақ, өзімізді қадірлемесек, кім болғанымыз? Өз халқын өзекке тепкен жақсылық емес».

Қабдештің көтерілісшілер жағына шығуына тек Сәрсенбектің сөзі ғана әсер етті деуге, әрине, болмайды. Оны бұрыннан жауда қалған кегі мазалайтыны аңғарылады. «Быттыр түріктер соғыс ашқанда, школдағы балалар «түрік, түрік» деп, менің қыр соңымнан қалмады», – деп, оның өткенді еске алуы жай емес. Міне, сондықтан елді жауға қарай жұмылдыратын көшелі ерді аңсайды. Сол себепті Сәрсенбекке: «Абылай осы күні неге тумады екен?» – дейді.

Кейіпкер характері әдетте қиын-қыстау сәттерде байқалады. Қабдеш бейнесіндегі сондай сәт – оның орыс әскерінің қолына түсуі. Мейірімсіз жау қанша азаптап қинаса да, Хамит Керейбаев (Қабдештің ресми аты-жөні осындай) патша охранкасымен сыбайлас губернаторға Сәрсенбек Жәнібековтің қайда екенін айтпайды. Жазушы Қабдешке қоқиланған губернаторды жек көре суреттей отырып: «Губернатор жалғыз Қабдешке күлгені емес, исі қазақты мазақ етіп күліп тұрғандай еді», – деп күйіне жазады. Қабдеш қайсарлығы осы кезде көрінеді. Ол «сені крестьянский начальник етемін, бәрін айт» деп азғырған губернаторға: «Бүкіл ел қырылып, қанға боялып жатқанда, оларды шулатып қойып, сенің күлуің мынау, залымдар! Біз сендердің осындай қаражүрек екендеріңді білсекші... Не жазып еді елім сендерге!» – дейді өре түрегеліп.

С. Садуақасұлының «Сәрсенбек» романында халық қаһармандары ретінде бейнеленген екі тұлға бар. Олар – Амантай мен Жұпар. Амантай портретін жазушы былайша сомдайды: «Атқа отырысы қыран бүркіт секілді сергек. Жас шамасы қырықтың үстінде. Қоңыр жүзді, дөңгелете қырқылған сұйық сақалды. Ісіңкі, қалыңдау қабақтың астында екі көзі от шашады. Орта бойлы дембелше денесі ердің үстінде нығыз. Қимылы тез... Кең мол пішілген түйе шекпенін орана қаусырып, қара кісенін былғары бауын иықтан асыра қатты буынып алыпты. Күрең барқытпен тысталған жалпақ төрт бұрышты пұшпақ бөрікті басына баса киген. Күмістелген қылышты атам заманнан бері сақтаған ба дерсің". Бұл сүгіреттен оқушының көз алдына аруақты батыр елестейді.

Амантай – Алатаудағы көтерілістің көш басшыларының бірі. Білімі жоқ, бірақ біліктен кенде емес. Ең бастысы оның жүрегінде түгі бар. Қасындағы жауынгерлерге әрқашан: «Аллаға, аруаққа сыйыныңдар, ағайын! Ақ білектерің күшті болсын, ақ найзаларың ұшты болсын!» – деп бата береді. Ол соғыс тәсілін біліп тумаған, осы бас көтеру барысында майдан алаңының бүге-шігесін үйренген. Сарбаздарды ұйымдастыра алады. Дуанды алардағы оның: «Кенесары заманында найзамыздың ұшы сынып еді. Бізге зорлық етемін дейтін шығар, ол болмайды. Орысты біз құл етеміз демейміз. Бірақ оған біз де құл болғымыз келмейді. Ант бұзамыз демейміз. Бұзылған ант болса, екі бүктеп, табанға басамыз!» – деген сөзі жауынгерлерге қатты әсер етеді. Амантайдың ақылының арқасында дуан қаласы көтерілісшілер қолына өтеді. Ол өз дегенін ғана жасайтын бірбеткей адам емес. Көбіне қасындағылармен ақылдасады, ой бөліседі. Сәрсенбекпен ат құйрығын үзісіп кеткен Амантай кейіннен оны кешіреді. «Еліңнің маңдайына басқан ұл бол!» – деп оған бата береді.

Жұпар – қыз болса да, «елім үшін, қазақ үшін әйелдердің намысын қорғаймын. ...Осы ұрыста жазатайым болып өліп кетсем де, шыбын жанымды қазақ үшін пида қылсам, өкінбеймін» деп, ауыл жігіттерін Алатауға баруға үгіттеген, көтеріліс шағында Амантайға көмекші болған қаһарман. Жазушы қиялынан туған осы кейіпкер романда дауысынан сарбаздар қаймығатын батыр болып та, дастандағы Ақжүністей сұлу болып та суреттеледі. Қаһарман бейнесі арқылы мұратты шебер жеткізе алған С. Садуақасұлы Жұпар бейнесіне

айрықша мән бергені ақиқат. Сәлимадан хат алып, Жұпардың жігіттерді көтергенін естіген оқудағы Сәрсенбек те, көтерілісшілер де бір-бірінен алыс жатып, бірі екіншісімен ақылдаспай-ақ Жұпарды «әулие қыз» дейді. Алғашында көтерілісшілерге қарсы болған Сәрсенбек Жұпар жайын естіген соң, райынан қайтады. Басында Алатауға қарай аз-аздап жинала бастаған жігіттер мұны ұйымдастырып жүрген Жұпар екенін білгенде топ-тобымен ағылады. Бұған не себеп? Жұпарға деген ынтықтық па? Жоқ, олай емес. Жігіт атаулыны серпілткен – намыс. Жұпар – бүгін бойжеткен, ертең ана. Ана мен Отан – бір-бірінен ажырағысыз ұғымдар. Көтеріліске әйел баласының шыққаны – Отанға қауіп төнгені. Ал, ер жігіт мұндайды бұғып қалса – ез болғаны. Намыс һәм жауапкершілік. Жазушы осы ұғымдарды жалпы оқушыға түсіндіру үшін Жұпар бейнесін шығармасында мақсатына сай сомдаған.

Романның әр жерінде түрлі контексте Сәрсенбектің бір кездері Жұпарды ұнатқаны айтылады. Оқығандар арасында Алатаудағы көтеріліс, Амантай мен Жұпар жөніндегі ұзақ пікірталастың бір сәтінде Сәрсенбек: «Ол қыз туралы көбірек білемін. Оның ғашық болған адамына мен өте жуық болдым. Оларды кедергілер қоспады. Біздің заманда сүйгенге қосылу дегенің өте қиын. Ол қыз бақытын таппағанына өкінбес, өйткені ел үшін бел буып тәуекелге барғанын көрмейсің бе?» – дейді. Алайда жазушы Сәрсенбек пен Жұпар арасындағы махаббатты арнайы әңгіме етіп жатпайды. Өйткені ол – қаламгердің мақсатынан бөлек нәрсе.

Сәрсенбектің: «Мәрия күйеусіз Ғайса пайғамбарды тапса, Жұпар күйеусіз Наурызбайдай батырды табады», – деген сөзінде де үлкен мағына бар.

Шығармада Сәлима, Мінсіз бейнелері аса айшықтана көрінбейді. Ол екеуі де – Жұпардың құрбылары. Сәлима Сәрсенбекті ұнатады. Сондықтан Алатауға аттанбақ болған кезінде, хат жазып одан рұқсат сұрайды. Сәрсенбектен Көкадырда кездеспек болғанда, ауыл-аймақ сезбес үшін ештеңе білдірмей Мінсізді қасына ертіп шығады. Мінсіз кейінірек мән-жайды аңғарғанда, еріп шыққанына өкінбейді. Екеуінің характері жолда орыс әскеріне ұшырасқан аңғарылады. Жаудың зорлығы мен қорлығынан азаптанып, өлім аузында жатқан Мінсіз: «Сәлима, Исатайға осының бәрін айт! Мені жылатқан солдаттардың бірін қалдырмай өлтірсін», – дейді өзімен ақылдасып отырған Сәлимаға. Орыс әскерінің Мінсізге жасаған қанпезерлік әрекетін, қазақ ауылдарының шаңырағын ортасына түсіргенін өз көзімен көрген Сәлима егіліп: «Қор болған, қайран қазақ! Тістегеннің аузында, ұстағанның қолында қашанғы кетпекпіз», – деуі қазақ қыздарын күреске нақты жағдайдың итермелегенін байқатады.

Романдағы тұтас бір желіде көрінетін қаладағы оқығандар бейнесі сол кездің ахуалын көзге елестеді. Сәрсенбек пен Қабдештен басқа Бұқар, Асқар, Жұмажан бейнелері 16-жылғы оқиғаға байланысты әр түрлі көзқарастарды жинақтай көрсетеді.

Бұқар – әсіре орысшыл. Қазақты надан көреді. Қазақтың көтерілгеніне мүлдем қарсы. Бірақ солдатқа бару ісінде де бір пікірде емес. Ұлт тарихы тек қателіктен тұрады деп ұғады. Кенесары қозғалысының мәніне үңілмейді. «Менің ұршығым – ми», – деп, барлық нәрсені өз өресімен өлшеп-пішеді. Күпір сөздерді көп айтады. Көп ретте өз эгоизмінің құрбаны болады.

Асқар – «бәрі бұзылды. Жап-жақсы болып келе жатыр еді. Жапония секілді бір-ақ істейтін жұмысты кәкір-шүкір адамдар келіп, бұзды да жіберді» деген пікірдегі азамат. Ұлт оқығандары трагедиясын жақсы түсінеді. «Алға көз жіберсек, түпсіз қараңғы, қазақтың халі не болары белгісіз. Артқа қарасақ, кешегі Шыңғыс, Абылай! Жап-жақсы! Осы екуінің ерлігіндей ерлікті біз, сорлы болып жаратылған қазақтың оқығандары, жасаған жоқпыз. Әрі өзіміз бақытсыз, әрі еліміз бақытсыз» – дейді ол күйініп. Оның: «Біздің әр кезде қалған бір нәрсеміз – бұрынғы ұлт борышы», – деген пайымы да айрықша. Сөйтіп, саналы түрде «борышымды өтеймін» деп окопқа кетеді. Жазушы өз тарапынан «мұнысы дұрыс емес еді» деп сөз қоспайды, болғанды болған қалпында жазады.

Қоңырбай – күйреуік мінезді кейіпкер. Күлпәштің Жұмажанды көрместей болып, Күдерінің етегінен ұстап кете баруы оған қатты әсер етеді. Ауылдағы Күлпәшқа хат жазады. Одан қарсылық білдірген жауап келгенде, терең қайғылы халде жүреді. Асқармен сыр бөліскеннен кейін ол өз-өзіне келіп: «Әуелі қазақ үшін, содан соң өзім үшін өмір

сүретіндігіме осы үш күннің ішінде көзім жетті», – дейді. Ақырында Асқарға еріп, окоп жұмысына барады.

Жұмажан – оқығандардың ішінде сол шақтағы қоғам халіне немқұрайлы қарайтын, бойында ақындықпен бірге еркелік, менмендік бар кейіпкер. Ол: «Жұрт бақ іздейді. Мен бақ іздемеймін. Олар халықты шын сүйеді, бірақ бір жағынан ат іздейді. Мен арқамды терлетпей-ақ ат аламын», – деген пікірді ұстанады. Жеке өмірінде тұрақсыз. Ол талайларды алдаған. Оның арбауына Күлпәш та түседі.

Романдағы Күлпәшқа қатысты желі қала мен ауыл арасындағы бөгет-бөгесіндердің қалпын ашады.

Қазақ жастарының қала тіршілігіне дендеуі, орыс тұрмысымен тонның ішкі бауындай араласуы олардың қара басына жақсылықпен қабат қайғы сыйлады. Қала даланы шойын жолымен айғыздап жаншыды, қалыпқа түскен дүниетаным әсірелікті кіргізіп алып, шығара алмай әбігерге түсті. Ислам мен Шығыс дәстүрінде ибалықпен өмір сүрген қазақ бойжеткенін қала өмірі эзезілдей арбады. Кей ретте жолдан тайдырды. Жұмажанның күндей құбылуына себепкер – ақындығы емес, қала тұрмысы. Айттырылған күйеуінің қандай екенін көрмей жатып Күлпәштің «жүрек қалауымен» еліткіш Жұмажанға ұмтылуы да – ауыл салтына жат нәрсе. Бірақ ауылды жатсынған сол Күлпәш шекесін тағдырдың жартасына соққанда, киіз туырлықты тұрмыстан пана тапты. Айттырған күйеуі Күдері «ақылды болып шықты». Ал, ауыл ше? Қалашыл Күлпәш тәубасына келгенде, «жер жүзіндегі елдің бәрі қазақ ауылындай болса» деп армандады.

Бұл жерде жазушы ауыл өмірін әсіре марапаттады, асқақтатты деген ұғым тумауы керек. Ол шартты кейіпкерлер бейнесі арқылы қаланың имандылыққа жат тұрпатын әшекерелеп, ауылдың кісілік қасиеттерін баса айтса, мұнысы парасат өлшеміне қарсы келмейді.

С. Садуақасұлы «Сәрсенбек» романының өңделмеген, баспаға даярланбаған нұсқасын 1924 жылы жазып бітірді деп шамалаймыз. Жазушының аталған романды толықтырғысы келгені қолжазбадан анық байқалады. Бірақ заман күрт өзгеріп, әдеби шығарманы таптық тұрғыда жазу талабы қойылғанда, С. Садуақасұлы бұл еңбегін ондай қалыпқа салуды обалсынған, қолжазбаға тиіспеген. Тек 1926-27 жылы романдағы Күлпәшқа қатысты бір бөлігін «әңгіме» деп айдар тағып, «Жаңа мектеп» пен «Әйел теңдігі» журналдарына ұсынған [37]. Алайда романның қолжазбасы мен журналға шыққан «Күлпәш» әңгімесі мәтінінің айырма-өзгешеліктері жоқ емес. «Әйел теңдігінде» аталған әңгіме романның бір бөлігі екені ескертілген.

«Сәрсенбек» романы өз тұсында толық нұсқасымен жарық көрмегендігі, қалың оқырманға жетпегендігі оның қазақ әдебиеті тарихындағы орнын әсте аласартпайды. Оның көркемдігі бүгінгі роман талабына жауап бере алмай жатса, мұны аталған жанрдың қазақ топырағында қалыптаса бастағанымен түсіндіруге болады. Тегінде, шығарманың маңызы бірыңғай көркемдігімен емес, көтерген мұратымен, сол мұратты шебер жеткізе алғандығымен өлшенсе керек. Бұл тұрғыдан келгенде, «Сәрсенбек» романы – 20-жылдардағы елеулі көркем туындылардың бірі.

1916 жылдың оқиғасы тарих пен әдебиетке атүсті қарамайтын С.Садуақасұлын қатты толғандырған. Фатима Ғабитова М. Әуезов туралы естелігінде 1925 жылы Халық ағарту комиссары С. Садуақасұлы Алматыға келіп, І. Жансүгірұлының үйіне (ол кезде Фатима – Ілиястың жары) түскенін, Ілиястың қолжазбаларының ішінен 16-жылға қатысты кезінде ақын өзі жинаған материалдармен танысып жатып: «Бұл бай материалдар, әттен, бір жақсы жазушының қолына түссе, соншама құнды тарихи роман жазылар еді», – деп армандағанын, кейіннен 1927 жылы ол Мұхтар Әуезовке осы материалдарды сілтегенін жазды [38]. Бұл деректен С. Садуақасұлы М.Әуезовтің 1928 жылы кітап болып басылып шыққан «Қилы заман» атты «ұзақ әңгімесінің» [39] өмірге келуіне себепші болды деген қорытынды жасай аламыз. Аталған ұзақ әңгіме шындықты көркем жеткізгені үшін кеңес дәуірінде ауыр тағдырды бастан кешіріп, қырық төрт жылдан соң қайта баспа жүзін көргені белгілі [40].

Тұтастай алғанда, 1916 жылдағы Қазақ даласындағы дүрбелең мен күрделі оқиғалардың ақиқатын танып-білуде мұның шет жағасын өз көзімен көрген және отаршылдық зардабына

қарсы тұрушылармен сұхбаттасқан қайраткер, қаламгер Смағұл Садуақасұлының «Сәрсенбек» романының елеулі септігі тимек.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Қамзабекұлы Д. Смағұл Садуақасұлы. Алматы: Қазақстан, 1996.- 256 б.
2. Байтұрсынұлы А. Шығармалары, Алматы: Жазушы 1989.-283-б.
3. Шонанұлы Т. Қазақстанда ғылым-білім, баспа жұмысы // Қызыл Қазақстан, 1925, № 3-4-5, 39-б.
4. Кенжебайұлы Б. Өтелмеген парыз // Қазақ әдебиеті, 1957,25 қаңтар.
5. Тоғжанұлы Ғ. Әдебиет және сын мәселелері. Қызылорда, 1929, 139-б.
6. Омбы облыстық мемлекет архиві (ООМА), 65-қор, 57-іс, 7-бума, 23-24-беттер.
7. Садуақасұлы С. Жастарға – жаңа жол. Орынбор, 1921
8. Садвокасов С. Киргизская литература (историко-критический очерк) // Трудовая Сибирь, 1919, № 1.
9. Бірлік туы, 1918, 9,18 сәуір.
10. Жас азамат, 1918, 30 шілде.
11. ООМА, 151-қор, 299-іс, 27-бума, 288-бет.
12. ООМА, 151-қор, 1-тізім,624-іс, 5-6-беттер.
13. Некролог (С. Садвокасов) // Известия, 1933, 18 декабрь.
14. Бұл да сонда.
15. Ұшқын, 1920,15 қазан.
16. Еңбекші қазақ, 1925, 5 мамыр.
17. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орталық архиві. 929-қор, 1-тізім, 20-іс, 9,14,22-парақтар.
18. Қазақстан РеспубликасыПрезидентінің архиві, 142-қор, 1-тізім, 55-іс, 40-46 парақ.
19. ҚР ПА, 142-қор, 1-тізім, 139-іс, № 39,45-парақтар.
20. Қызыл Қазақстан, 1924, №11 – 1925, № 7.
21. Еңбекші қазақ, 1925, 8 қаңтар – 1926, 20 ақпан.
22. Еңбекші қазақ, 1925, 26,29 қазан.
23. Еңбекші қазақ, 1926,27 мамыр.
24. Еңбекші қазақ, 1926, 7 қазан.
25. Егеменді Қазақстан, 1992, 15 ақпан, 7 наурыз
26. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы, 2-том, Алматы: Жазушы, 2005.- 150-б.
27. Садуақасұлы С. Үш томдық шығармалар жинағы (құрастырған – Д.Қамзабекұлы). 1-т. Астана: Нұра-Астана, 2013.- 376 б.
28. Дулатұлы М. Г. Дума һәм солдаттық мәселесі // Қазақ, 1916, 9 ақпан
29. Восстание 1916 года в Казахстане (Документы и материалы), Алма-Ата, 1947, стр. 21-22.
30. Еңбекші қазақ, 1926, 8 шілде.
31. Қазақ, 1916, 8 шілде.
32. Еңбекші қазақ, 1926, 8 шілде
33. Сармурзин А, Григорьев В. Бөкейханов және тарих шындығы // Қазақ әдебиеті, 1989, 7 шілде
34. Мұстафин Ғ. Ой әуендері. Алматы, 1978, 188-б.
35. Бердібаев Р. Қазақ тарихи романы. Алматы, 1979, 7-б.
36. Ғабдуллин Н. Шығарма арқауы – шындық. Алматы, 1968, 178-б.
37. Жаңа мектеп, 1926, № 6; Әйел теңдігі, 1927, № 4, 5.
38. Ғабитова Ф. Мұхтармен алғашқы кездесуім // Қазақ әдебиеті, 1992, 7 ақпан.
39. Әуезұлы М. Қилы заман (ұзақ әңгіме), Қызылорда, 1928.
40. Әуезов М. Лихая година (предисловие Ч. Айтматова, перевод А. Пантиелева) Новый мир, 1972, № 6.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫ ЖӘНЕ ҰЛТ ТАРИХЫН ЗЕРДЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗДЫ БЕЛЕСТЕРІ

Садықов Т.С., т.ғ.д., профессор

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Тарих факультетінің деканы / Қазақстан Республикасы

Елкей Н.Н.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты / Қазақстан
Республикасы

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы бұл ата-бабаларымыздың еркіндік жолында төгілген қаны мен жаңбырша тамған көз жасының дәлелі, халқымыздың маңдай терімен жеткен